

Қарақия ауданы әкімінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 61 "Сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімінің 2015 жылғы 20 қазандағы № 78 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 қарашада № 2883 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орфоэпикалық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Қарақия ауданының әкімі **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Қарақия ауданы әкімінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 61 «Сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2813 болып тіркелген, «Қарақия» газетінде 2015 жылғы 3 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген шешімнің қосымшасында:

бүкіл мәтін бойынша «селолық», «селосындағы» деген сөздер тиісінше «ауылдық», «ауылындағы» деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

2. «Қарақия ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Н.Жубаназаров) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысы А . Т а у б а е в қ а жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ә к і м

Ә . Д а у ы л б а е в

« К Е Л І С І Л Д І »
Қарақия аудандық сайлау
комиссиясының төрағасы
Атағараев Дуйсенбай Айткалиевич

23 қазан 2015 жыл.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК